Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

Бөлім:	**9.1Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)**
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Әлайдар Нұрлыбек Ерғалиұлы
Күні:	9 А 04.09.26 9 В 04.09.26 9 С 03.09.26
Сынып: 9 А, В, С	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы.** **Зерттеу сұрағы:** Соғыстан кейін қазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.4.2.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шарушалығында орын алған өзгерістерге баға беру; 9.4.2.1 Өнеркәсіптің ахуалын анықтап,қорытынды жасау
Сабақтың мақсаты	Қазақстандағы соғыстан кейінгі демографиялық өзгерістердің себеп-салдарын талдайды; тарихи деректерді қолданып, демографиялық өзгерістердің жағымды-жағымсыз жақтарын жіктейді; соғыстан кейінгі демографиялық өзгерістердің жағымды- жағымыз жақтарын өздігінше дәлелдейді
Құндылықтар	Енбек корлық және кәсіби біліктілік
Апта дәйексөзі:	Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өткен білімді еске түсіру 7 минут	**БЫМ:** суретті 2 минут зерттеу. Суреттен алған әсерді сипаттау үшін және жеке элементтерін зерттеу үшін критерийлері бар сұрақтардыпайдалану: 1. Суретте қай кездегі жағдай көрсетілген? 2. Суреттеқандайжағдайбейнеленген? 3. Суреттеэкономиканыңқандайсаласы көрсетілген? 4. Суретте қай кезең бейнеленуі мүмкін?	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	Тақырыптық суреттер

<table>
<tr>
<td>Жаңа тақырыпқа қадам
3 минут</td>
<td>5. Сурет Қазақстандағы ауыл шаруашылығының жағдайы туралы қандай мәліметтер беріп тұр?
Ұлы Жеңістен кейін КСРО халқының тағдыры қандай болуы мүмкін?
Не қатты өзгереді деп ойлайсыздар?
- сұрақтар аясында бүкілсыныптық талқылау ұйымдастыру;
- соғыстан кейінгі елдің экономикалық ахуалына болжау жасау;
Сабақтың тақырыбына шығу, сабақ мақсаттары мен бағалау критерийлерін анықтау.</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы
Жаңа білім
5 минут

10 минут

5 минут</td>
<td>Зерттеу. Талдау
1-тапсырма
Қазақстанның соғыстан кейінгі жағдайына SWOT анализ әдісін қолдана отырып, талдау жасау:
SWOT-талдау әдістемесі
1 кесте
<table>
<tr><td>S
Соғыстан кейінгі жағдайдың күшті/мықты жақтары</td><td></td></tr>
<tr><td>W
Соғыстан кейінгі жағдайдың әлсіз жақтары</td><td></td></tr>
<tr><td>O
Мүмкіндіктер</td><td></td></tr>
<tr><td>T
Қауіп-қатерлер</td><td></td></tr>
</table>
ЕБҚ оқушыға дереккөздің форматын үлкейтіп, қолдау
SWOT-шешімдер
2 кесте
<table>
<tr><td></td><td>O</td><td>T</td></tr>
<tr><td>S</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>W</td><td></td><td></td></tr>
</table>
2 тапсырма: Дереккөздермен жұмыс</td>
<td>Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды

Оқушылар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.
Оқушылар бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.

Дескриптор:
Кем дегенде 3 деректің құндылығын бағалайды

Дескриптор:
басқару жүйесіндегі жазалау шаралары туралы талдайды</td>
<td>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады

«Мен саған, сен маған»

ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</td>
<td>Ақпараттық мәтін Соғыстан кейінгі Қазақстан экономикасы туралы мәтінге сілтеме: http://kk.wikipedia.org/wiki/ ы Қазақстан экономикасының тарих Үлестірмелі қағаздар

Суреттер</td>
</tr>
</table>

10 минут	*(a)* Берілген дереккөздер мен өз біліміңді қолдана отырып, соғыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы тарихшы маман ретінде деректердің құндылығына сипаттама бер. **(b)**Берілген дереккөздер мен өз біліміңді қолдана отырып, соғыстан кейінгі жылдардағы тоталитарлық жүйенің қазақ халқына тигізген зардаптарын түсіндір. (b) **(**c)«Соғыстан кейінгі қол жеткізілген жетістіктер Сталиннің кемеңгер саясатының бірден-бір нәтижесі» Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесің? Берілген дереккөздер мен өз біліміңді қолдан. Қосымша: Бір жағынан, екінші жағынан қосымша мәліметтермен толықтыру **ЕББ** оқушыға суреттер/иллюстрациялар ұсынылады;	*Дескриптор: соғыстан кейінгі жетістіктер мен кемшіліктерді талдайды*		Тірек-сызбалар Кесте Карта ҚБ парағы
Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды Бұл ... қиындық туғызды Осы ... мені ойландырды	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлері мен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы			